

«ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ» БАЛАСЫ

Еліміздің қайраткерлері, бір кезде Алашорда партиясын құрып, Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатына қарсы күрескен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұвтармен пікірлес, әрі досы болған, солармен бірге қызмет еткен қарқаралылық жерлесіміз Имам Әлімбеков қақында кейінгі уақытта жазылып жүр. Ол туралы Г. Бұхарбаеваның «Орталық Қазақстан» газетінде және республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің 16 шілдедегі санында мақала жарық көрген болатын. Енді әкесі үшін жәбір көрген сол қайраткердің ұлы Мейрам Әлімбеков туралы бірер сөз айтпақпын. Мен Әлімбековтердің туған жиені болғандықтан сол Мейраммен бір үйде тәрбие алып өстім. Ол менен тоғыз жас үлкен болатын. Сол Мекеңмен бұл дүниемен қоштасқанша сырлас болдым.

Мейрам Әлімбеков 1905 жылы Қарқаралы уезі, Ақсары болысы, Уақтас ауылында дүниеге келген. Жас шағынан үлкен әкесі Әлімбек бидің және әжесі Гүлсім бәйбішенің тәрбиесінде болды. Мейрамның атасы әуелі оны Қарқаралы қаласындағы қазақ-орыс мектебіне сегіз жасында, 1913 жылы оқуға берген. Осы мектептің төрт класын бітіргеннен кейін Әлімбек ақсақал сол кезде Семейде губерниялық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істейтін оның өз әкесі Имамның қолына берген. Семейдегі орыс гимназиясына оқуға түскен. Бұл 1917 жылы болатын.

Гимназияда үш-төрт жыл оқығаннан кейін әкесі Имам: «Қарағым Мейрам, сен енді біздің саяси жолымызға түспе. Заман өзгерді, қазіргі өкіметті басқаратын большевиктер партиясы біздің Алаш партиясының бағытын қате деп тап-

ты. Біз Әлихан, Ахмет бәріміз соны мойындадық, енді саяси жұмыспен айналыспауға уәде бердік. Сен енді жаңа өмірде жаңаша өмір сүр. «Заманның түлкі болса тазы болып шал» дегендей, қазіргі өмірдің бағытымен халқыңа адал қызмет ет» деп тілек білдіреді. Бұл 1922 жыл еді. Осы жылдары Семейде тұратын Мейрам комсомолға мүше болып кіріп, сонан соң 1924 жылы Орынбор рабфагына оқуға түседі. Осында жүріп коммунистік партияға мүше болады. 1926 жылы сол оқуды бітіріп Семейде губком комсомолында қызмет істейді. Бұл қызметтен өрең дегенде сұранып 1927 жылы Ленинград университетіне оқуға түседі. Оның бір курсын бітіргеннен кейін губком комсомолы оны оқудан шақырып алып, Қарқаралыға уездік комсомол комитетіне хатшы етіп жібереді. Мейрам Қарқаралыда қызмет істеп жүргенде өз ауылы Уақтас, Бесобада комсомол ұйымын ашады.

Бұдан кейін оны Семейдің губком партиясы осында ашылған өлкелік совет-партия мектебіне директор етіп тағайындады. Осында қызмет істей жүріп Мейрам Қарқаралының, әсіресе, Ақсары болысының жастарын әр түрлі оқуларға түсіреді. Солардың ішінде Қатай Сембин, Уәлибек Қажанов, Сара Аюбаева, Әбеумұса Бақтыбаев және тағы басқалары кейіннен аудандық, облыстық көлемдегі, тіпті министрлік қызметтерді атқарды. Семейде жүрген кезінде ол Рауза жеңгемізге үйленді. Одан 1930 жылы үлкен ұлы Болат Әлімбеков туды. Қазір сол Болат Павлодарда құрылыс саласында басшы қызметте істейді.

Бұдан кейін Мейрамды губком аудандық атқару комите-

тінің төрағасы етіп қызметке жібереді. Дәл осы кезде, яғни, 1931 жылы Қызылжар қаласында қызмет істеп жүрген әкесі Имамды және Мағжан Жұмабаевты ГПУ ұстап, «Алаш» партиясында болды деген айлаумен 10 жылға соттап жібереді. Осы жағдайға байланысты бір бөлсенді Алашта болған Имам Әлімбековтің баласы деп арыз жазып жібереді. Сол арыз бойынша Мейрам сегіз жылға сотталып кетті. Содан Ташкент қаласында айдауда жүргенде тоғыз айлық бухгалтерлік курсты бітіреді. Төрт жылдан кейін жұмысы қайта қаралып, бөстандық алды. Ол Ташкентте жүргенде өзім жеңгем Раузаны ертіп барғаным бар.

Ташкент лагерінен бөстандық алғаннан кейін Мекең Алматыға сол кездегі наркомзем Сырғабекке жолығуға барады. Ол бір кезде Семей совет-партия мектебінде бірге сабақ берген жолдасы екен. Сырғабек оған өзінің наркоматынан қызмет береді. Бірақ та Мекеңді қанша үгітесе де ол партияға қайтып кірмейді. Содан соң Сырғабек оны Павлодарда ашылған республикалық ауыл шаруашылық мектебіне директордың орынбасары етіп жібереді. Бұл 1935 жыл. Осы жылы лагерьден босап келген әкесі Имаммен бірге көп жылдардан соң әкелі-балалы болып бір үйде тұрады. Сол жылдары Омбыда рабфакта оқып жүрген мен жазғы каникулды нағашыларымның үйінде өткіздім.

Кейін әкесін Қарқаралыда округком хатшысы болып істеген А. Асылбеков шақырып әкезкеннен кейін мектеп директоры Бектасов деген Мейрамға «Халық жауының баласы» деп пәле жапқан соң жұмыстан шығып, Петропавл қа-

ласына көшіп келіп, сондағы ет комбинатында товаровед болып істейді. Бұл 1936 жыл. Осы кезде Алматыдан Қызылжардың үстімен оның бір семейлік жолдасы Көрпебаев деген азамат Қарағандының қалалық атқару комитетіне төраға болып бара жатады. Ол сонда барған соң Мекеңді телеграмма арқылы шақырып, көшіріп алады. Осында қалалық атқару комитеті президентіне хатшы етіп қызметке қойып, пәтер алып береді. Бірақ та 1937 жылы Қарқаралыда әкесі Имамды ГПУ қамғауға алғаннан кейін Көрпебаевтың өзі «Ойбай, Мейрам сен енді жан сауғалап кетпесең, ұсталасың» деген соң Мейрам тез арада Семейде, одан Ташкентте біраз қашып болып жүреді. 1939 жылы Степняк қаласында мұғалім болып істейтін жездесі Нұрғазы Төлепбергенов пен апасы Қышан Әлімбекқызының қолына келеді. Соларға келіп тұрақтап, аудандық оқу бөлімінде бухгалтер болып қызмет істейді. Содан 1941 жылы соғыс басталып, әскерге алынады. Төрт жыл бойы Қиыр Шығыста болып Жапон соғысына қатысып, жараланбаса да суық тиіп өкпе ауруына шалдығып оралады. Қашып-пысып жүргенде Мекеңнің бұрынғы әйелі Рауза басқа бір кісіге тұрмысқа шығып кетеді. Бірақ та ол оған ренжіген жоқ. «Өзім солай ақыл бергем» деп отыратын.

Соғыстан кейін Мекең сауда кәсіпорындарында товаровед болып қызмет істеді. 1949 жылы қазір көзі тірі Ақсия жеңгемізбен тұрмыс құрып, жаңа қаладан үш бөлмелі үй алып, 34 жыл екеуі бірге тұрды. Павлодардағы ұлы Болат пен үнемі араласып тұратын. Мекең зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Қарқаралы ба-

лаларына институттарға оқуға түсуге көмектесіп, кейбіреулерін өз пәтерінде тұрғызды. Оның үстіне ақысыз-пұлсыз адвокаттық қызмет атқарды. Зейнетақысын алмай жүрген талай адамдар сол кісінің арқасында зейнетақыларын алды. Нақақ сотталғандарға көмектесіп, жоғары орындарға арыз жазып беріп көбісінің босауына себі тиді. Өзі өте бауырмал, қалжыңқой адам еді. Ол кісі қанша қашқындықта жүріп, соғыс зардабын көріп ауруға ұшырап келсе де халқына қызмет етті. Қанша адамға ықпал жасап, адал еңбекке баулыды. Өз ауылы мен таныстары арасында беделі үлкен еді. Қостанайда тұратын маған да бірнеше рет келіп ақылын айтып кеткен. Соғыстан кейін бір келгенде «Екі жауыздық — Гитлер мен Сталиннің екі партиясы — фашизм мен коммунистердің арқасында қанша халық зәбір көрді» деген еді. Әкесі Имамның ақталатынына толық сенетін. Қарағандыда Әлімхан Ермековке жолығып, жиі сөлем беріп тұратын. Үйіне шақырып дәм бердім деп жүруші еді. Сол кездегі одақтық прокуратурадан әкесі бір лагерьде сырқаттан қайтыс болды деген қағаз алған соң біраз ақша жинап, жездесі Рақман екеуі (менің әкем) апасының үйінде ас беріп, Әлім Шайқы қажыны шақырып құран аудартыпты. Өздерінің туған жері Қызылтуда да құран оқытыпты.

Қорыта айтқанда, бір кездердегі «халық жауының» баласы Мейрам Әлімбековтің өмірбаяны осындай. Мекең 1982 жылы 77 жасында марқұм болып, өз ауылы «Бесоба» совхозының Қызылту бөлімшесінде жерленді.

Мақат РАҚМАНҰЛЫ.
КОСТАНАЙ қаласы.